



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы № 60

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін  
2017 жылға арналған гранттар  
беру қосымша жоспарын бекіту  
туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2017 жылға арналған гранттар беру қосымша жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам комитеті заңнамамен белгіленген тәртіпте Жоспарды Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрайымы Ә.Қ. Ғалымоваға жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Н. Ермекбаев

Қазақстан Республикасы  
Дін істері және азаматтық қоғам  
министрінің  
2017 жылғы 3 мамырдағы  
№ 60  
бұйрығына қосымша

**ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҮШІН 2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ГРАНТТАР БЕРУ ҚОСЫМША ЖОСПАРЫ**

№	Жоба атауы	Қысқаша сипаттамасы (жобаның негізгі бағыттары)	Гранттық қаржыландыру шеңберінде бөлінген қаржы, мың теңге	Жүзеге асыру орны
1.	<b>Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау</b>			
1.	1.	<p><b>Мемлекеттік жастар саясатын ақпараттық қолдау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Жастар саясатының мәселелері бойынша БАҚ-та мемлекеттік бағдарламаларды насихаттауды күшейту.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Халықты жастардың әртүрлі санаттарын қолдауға бағытталған іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар туралы хабардар ету бойынша іс-шаралар кешенін өткізу.</li> <li>2. Көрнекі насихатты (билбордтар), әлеуметтік вирустық бейнеүзіктерді құру және оларды республикалық телеарналар мен әлеуметтік желілерде орналастыру.</li> </ol> <p>Бейнеүзіктер үшін ұсынылатын тақырыптар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- үздік Жастарға арналған ресурстық орталықтардың оң жұмыс тәжірибесі;</li> <li>- жастар арасында әскери кәсіпті насихаттау бойынша;</li> <li>- жастардың қалыптасуы мен дамуы үшін негізді қалыптастыратын «әлеуметтік лифтілерді» дамыту бойынша;</li> <li>- жұмыс мамандықтары мен еңбек адамын насихаттау</li> </ul>	13 304	Қазақстан Республикасы

			<p>бойынша;</p> <p>- жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау бойынша және т.б.</p> <p>3. Мемлекеттік жастар саясатын жариялау бойынша журналистердің пулын құру.</p> <p>4. Мемлекеттік жастар саясаты бойынша ақпарат беру бөлігінде БАҚ өкілдері үшін тренингтер топтамасын өткізу.</p> <p>5. Жастар саясатын жариялау үшін әйгілі әлеуметтік желілерді/топтарды тарту мақсатында блогерлермен/вайнерлермен тиімді өзара іс-қимыл орнату.</p> <p>6. Блогерлер, вайнерлер мен журналистер форумдары шеңберінде жастар саясаты туралы үздік мақала үшін республикалық конкурс өткізу.</p> <p>7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауының негізгі ережелері және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.</p>		
2.	2.	<p><b>Жастарды әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту мәселелері бойынша қоғамдық мониторингті жүзеге асыру</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Жастарды әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту мәселелері бойынша қызмет көрсету бөлігінде мемлекеттік органдар жұмысының сапасына қоғамдық мониторинг жүргізуді ұйымдастыру.</p> <p>1. Жастарды әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту мәселелері бойынша қолданыстағы бағдарламаларға/жобаларға талдау жүргізу.</p> <p>2. Жастарды әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу.</p> <p>3. Жастарды әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту мәселелері бойынша мониторингілік іс-шаралар топтамасын жүргізу.</p> <p>4. Ұсынымдарымен талдамалық баяндама әзірлеу.</p> <p>5. Жоба нәтижелері бойынша қорытынды бейнеүзік</p>	9 633	Қазақстан Республикасы

			дайындау.		
3.	3.	<b>Қазақстан жастарын әлеуметтендіру және дамыту бойынша әлеуметтік қызметті (жалпыұлттық жобаны) әзірлеу және іске асыру</b>	<p><b>Мақсаты:</b> жастарды әлеуметтендіру және дамыту.</p> <p>1. Жастарды дамыту мен әлеуметтендіруге уәждеу үшін жүйелік шараларды қабылдауға бағдарланған бірыңғай жалпыұлттық тұғырнаманы құру, соның ішінде жастар арасында волонтерлік қызметті дамыту, жастарды спортпен айналысуға жаппай жұмылдыру, сондай-ақ жастар саясатын дамыту және қолдау. Тұғырнаманың негізі кез келген саладағы жетістіктерді растайтын атақтар берумен конкурстар мен жарыстар жүйесі болуы тиіс.</p> <p>2. Жалпыұлттық жобаны әзірлеу үшін сарапшылар (соның ішінде өңірлерден) пулының жұмысын құру және қамтамасыз ету.</p> <p>3. Жалпыұлттық жобаны іске асыру кезінде соның ішінде мемлекеттік органдардың ведомствоаралық өзара іс-қимылын ескере отырып, заңдық, ұйымдық сипаттағы мәселелерді әзірлеу.</p> <p><b>Нәтижелері:</b></p> <p>1. Жалпыұлттық жоба.</p> <p>2. Жастарды әлеуметтендіру мен дамыту бойынша әлеуметтік қызмет.</p> <p>3. Жалпыұлттық жобаны іске асыру жөніндегі әдістемелік құрал.</p>	<b>7 978</b>	Қазақстан Республикасы
4.	4.	<b>Оралмандар қатарындағы жастарды әлеуметтік-мәдени бейімдеу бойынша іс-шаралар</b>	<p>Оралмандар қатарындағы жастарды әлеуметтік-мәдени бейімдеу бойынша ағымдағы ахуалды талдау.</p> <p>Оларды әлеуметтік бейімдеу бойынша қадамдық жоспарды әзірлеу.</p> <p>Тиімді әлеуметтік-мәдени бейімдеу жөніндегі әдістемелік құралдарды әзірлеп шығару.</p>	<b>2 000</b>	Қазақстан Республикасы
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>32 915</b>	
<b>2.</b>	<b>Жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардың балаларына көмек. Балалардың құқығын қорғау</b>				
5.	1.	<b>Бала және отбасы</b>	<p>«Отбасы және бала орталығы» пилоттық моделін құру.</p> <p>Қазақстанда жетім балалар мен ата-ананың қарауынсыз</p>	<b>8 000</b>	Қазақстан Республикасы

		<i>Қиын өмірлік жағдайда тұрған отбасыларды қорғау және көмек көрсету қызметін дамыту</i>	<p>қалған балаларға арналған тәлімгерлік және қонақжай отбасы институтын дамыту.</p> <p>Психологиялық қызметтер көрсету арқылы қолайсыз отбасыларға (балаларға қатыгездік таныту және әлеуметтік жетімдік тәуекелімен) алдын ала профилактика жұмыстарын жүргізу.</p> <p>Жетім балаларды отбасылық тәрбиелеуде балалар үйіне баламалы нысандарды кеңінен насихаттау.</p> <p>Балалар мен жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу.</p> <p>Дағдарыстан болған психологиялық салдардың алдын алу.</p> <p>Отбасылық құндылықтарды, отбасылық қарым-қатынас мәдениетін, жауапкершілігі мол ана мен бала жағдайын насихаттау.</p> <p>Балалар үйлерін отбасы мен баланы қолдау орталығына айналдыру бойынша жобаларға қолдау көрсету.</p> <p>Асырап алатын ата-аналарды, алмастыратын отбасыларды сүйемелдеудің ұлттық стандарттарын әзірлеу.</p>		
6.	2.	<b>Бала және оның құқығы: кемсітпеушілік</b>	<p>ҚР барлық аумағындағы, соның ішінде Заңмен қайшылықтағы және халықтың осал топтарына жататын балаларға арналған бейімдеу және әлеуметтендіру орталықтарын құру.</p> <p>Қиын өмірлік жағдайдағы балалар мен отбасыларды қолдаудың аудандық қызметінің ықпалдастырылған үлгісін пилоттау.</p> <p>Жетім балалармен жұмыс, мүгедек балалармен жұмыс.</p> <p>Қоғамда толеранттылықты қалыптастыру және ВИЧ-пен өмір сүретін балаларға қатысты стигма мен кемсітушілікті жою.</p> <p>Тьюторлық мектебін құру (жалпы білім беру процесінде айрықша қажеттіліктері бар балалар үшін сүйемелдеуші адам ретінде қызмет атқаратын мамандарды оқыту).</p>	<b>8 000</b>	Қазақстан Республикасы
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>16 000</b>	

<b>3.</b>		<b>Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау. ҮЕҰ-ның шешім қабылдау және ҮЕҰ тұрақтылығын арттыру процесіне қатысуын кеңейту</b>			
7.	1.	<b>Азаматтық сектор қызметін жариялау бойынша бұқаралық ақпарат құралдары мен ҮЕҰ әлеуетін арттыру</b>	БАҚ пен ҮЕҰ-ның өзара іс-қимылының ағымдағы жағдайын, азаматтық секторды БАҚ-та жариялау деңгейін талдау. БАҚ пен ҮЕҰ өкілдері үшін азаматтық қоғамды дамыту бойынша ақпарат беру бөлігінде консультативтік қызметті ұйымдастыру, сондай-ақ өзекті әлеуметтік мәселелерді жариялау бойынша интернет кеңістікте бірлескен қызметті ұйымдастыру. Интернет кеңістікте өз қызметін ілгерілету құралдарын пайдалану бойынша ҮЕҰ дағдыларын арттыру және аталған оқытуды желіде тарату.	<b>10 000</b>	Қазақстан Республикасы
8.	2.	<b>Халықаралық және мемлекеттік қаржыландыру есебінен ҮЕҰ жобаларының әсеріне мониторинг және бағалау жүргізу</b>	Халықаралық және мемлекеттік гранттардың және олардың әлеуметтік проблемалар мен қажеттіліктерге сәйкестігін талдау. Жобалардың экономикалық үлесін, әлеуметтік проблемалардың өзгерісіне әсерін анықтау. Халықаралық және мемлекеттік қаржыландыру есебінен ағымдағы және әлеуетті жобалар шеңберіндегі өзара іс-қимыл бойынша ұсынымдар әзірлеу.	<b>5 000</b>	Қазақстан Республикасы
9.	3.	<b>Интернет сегментін дамыту</b>	ҮЕҰ мүмкіндіктерін талдау және интернет кеңістікте жұмыс істеудің жаңа нысандарын енгізу. Әлеуметтік желілерде жұмыс істеу бойынша ҮЕҰ-ның деңгейін арттыру үшін білім беру және консалтингтік қызметтерлі құру. Үкіметтік емес ұйымдар үшін олардың өкілдерінің тікелей қатысуымен ақпараттық желі құру.	<b>2 500</b>	Қазақстан Республикасы
10.	4.	<b>Азаматтық қоғам саласындағы заңнаманы жетілдіру</b>	Азаматтық қоғам саласындағы заңнамаға мониторинг және талдау жүргізу. Азаматтық қоғам саласын заңнамалық реттеу саласында ҮЕҰ-ны алаңдататын мәселелерді талдау. Халықаралық тәжірибені зерделеу және шет елдердегі ҮЕҰ қызметін реттеу саласындағы заңнамаға салыстырмалы талдау жүргізу. Заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу,	<b>2 500</b>	Қазақстан Республикасы

			нақты ұсынымдарды ҚР қолданыстағы заңнамасына қосу.		
11.	5.	<b>Еркінен босатылғандарды әлеуметтік бейімдеу</b>	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды қайта әлеуметтендіру бойынша ағымдағы ахуалды талдау. Бұрынғы сотталғандарды бейімдеу бойынша қадамдық бағдарламаны әзірлеу. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды оналту қызметін құру бойынша әдістемелік құрал әзірлеп шығару.	<b>2 500</b>	Қазақстан Республикасы
12.	6.	<b>Қазақстанның әскери-патриоттық мұрасы</b>	Өскелең ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беруді қалыптастыру мақсатында әскери-патриоттық және әскери-тарихи проблемаларға ғылыми және практикалық талдау жүргізу. Қазіргі заманғы қазақстандықтардың әскери-патриоттық көзқарасын қалыптастыру үшін ұсынымдар әзірлеу.	<b>4 000</b>	Қазақстан Республикасы
13.	7.	<b>Қазақстанда еңбек құқығының асырылуына мониторинг жүргізу іске</b>	Еңбек саласындағы негізгі проблемалар мен құқықты бұзу фактілерін талдау (сұрақнамалар, ҚР-ның заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкестігіне зерделеу, еңбек құқықтарын бұзу фактілерінің сипаты, еңбекпен қамту және жұмыспен қамтылу мәселелері). Әмбебап кезеңдік шолу, БҰҰ шарттық органдары мен арнаулы рәсімдері шеңберінде Қазақстанға берілген ұсынымдардың орындалысын талдау. Еңбек құқығын қорғаудың қолданыстағы нысандарының қатысушылары үшін еңбек құқықтары туралы хабардар болуды арттыру мақсатында еңбек қарым-қатынастарының қатысушылары (жұмыс берушілер, қызметкерлер, меморгандар, кәсіподақ ұйымдары) үшін оқытатын тренингтер өткізу. Еңбек құқығын іске асыру саласындағы заңнамалық базаны және құқық қолдану қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу.	<b>2 000</b>	Қазақстан Республикасы
14.	8.	<b>Азаматтарды құқықтық қорғау және құқықтық</b>	Заңға бағынушылықты қалыптастыруға, құқықтық жүйелердің мәнісін түсінуге азаматтарда тұрақты бағдар	<b>5 000</b>	Қазақстан Республикасы



		<b>тәрбие</b>	қалыптастырылуына мониторинг жүргізу. Халықты мемлекеттің заңнамалық базасындағы өзгерістер туралы жүйелі түрде ақпараттандыру бойынша іс-шаралар кешенін ұйымдастыру. Өртүрлі әлеуметтік және жас топтары үшін БАҚ-та адам құқықтары бойынша ақпараттық бағдарламалар дайындау және жүзеге асыру.		
15.	9.	<b>Халықтың ұлттық-мәдени сақтаудағы зиялылардың рөлі</b>	Қазақстанда заманауи қазақ зиялыларын қалыптастыру процесіне зерттеу жүргізу. Қоғамның зиялы бөлігін – зиялыларды тарту арқылы Қазақстан халқының мәдени мұрасын сақтау шараларын ұйымдастыру.	<b>4 000</b>	Қазақстан Республикасы
16.	10.	<b>БАҚ қоғамдағы құқықбұзушылыққа «мүлдем төзбеушілікті» қалыптастыру құралы ретінде</b>	ҮЕҰ, БАҚ өкілдері және блогерлер үшін Қазақстанда ашықтық пен есеп берушіліктің тиімді құралдарының мәселелері бойынша қызметті ұйымдық сүйемелдеу. Қоғамдық бақылау және ақпаратқа қолжетімділік құралдарын әзірлеу. Азаматтық қоғам саласындағы өзекті мәселелер бойынша ақпараттық материалдарды орналастыру арқылы Интернет кеңістікте, әлеуметтік желілерде және блогтарда ақпараттық сүйемелдеу.	<b>2 684</b>	Қазақстан Республикасы
17.	11.	<b>Заманауи қазақстандық қоғамның құнды белгілерін талдау: қоғамдық танымды жаңаландыру тұрғысында</b>	Мәдениет пен ұлттық кодты сақтау арқылы халықтың қоғамдық танымның жаңалануының қабылдануына зерттеу жүргізу. Зерттеулер қорытындысы бойынша конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізу.	<b>4 000</b>	Қазақстан Республикасы
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>44 184</b>	
<b>4.</b>	<b>Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту. Қоғамды дерадикализациялау</b>				
18.	1.	<b>Береке көзі - бірлікте</b>	Мақсаты - қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту. Қазақстан халқының бірлігін нығайту бойынша этномәдени бірлестіктерді жұмылдыру арқылы іс-шаралар өткізу және қазақ мәдениеті мен тіліне қосу.	<b>3 871</b>	Қазақстан Республикасы



19.	2.	<b>Дәстүрлі рухани құндылықтарды қолдау бойынша орталықтың жұмысын ұйымдастыру</b>	<p>Аталған жобаның мақсаты қазақстандық қоғамның дәстүрлі және рухани құндылықтарын нығайту, діни экстремизм мен терроризм идеологиясына иммунитетті қалыптастыру. Ресми мұсылман діндарларын қайта даярлауда және олардың біліктіліктерін арттыруда қолдау көрсету.</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Дәстүрлі құндылықтарды ілгерілету бойынша ақпараттық-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру.</li> <li>• Ағарту жұмыстарына мұсылман діндарларын тарту.</li> </ul> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Шалғай және ауылдық аудандардағы жұмысқа діни қызметшілерді жұмылдыру мүмкіндігін тарту.</li> <li>• Діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу бойынша жұмыс сапасын арттыру.</li> </ul>	<b>25 000</b>	Қазақстан Республикасы
<b>ЖИЫНЫ</b>				<b>28 871</b>	
<b>БАРЛЫҒЫ</b>				<b>121 970</b>	